

«Болашақтың балалары» республикалық интернет-байқауды қашықтықтан ұйымдастыру және өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. «Ұрпақ +» мәдени-білім беру жобасын іске асыру аясында мектепке дейінгі, жалпы орта және қосымша білім беру мекемелерінің білім алушылары арасында Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған **«Болашақтың балалары»** республикалық интернет-байқауын (бұдан әрі - Байқау) қашықтықтан өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты: білім алушыларды шығармашылық әрекетке тарту, дарынды балаларды анықтау және қолдау, олардың танымдық қызығушылықтарға ынталандыру.

Міндеттері:

- білім беру ұйымдарының білім алушыларының ғылыми-техникалық және ғылыми-зерттеу қызметіне қызығушылық білдіруін ынталандыру;

- жастардың ғылыми-технологиялық және зерттеу жұмыстарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

- жастарды жобалау, зерттеу, инженерлік жұмыспен қамту және ғылыми-техникалық шығармашылық пен өнертапқыштыққа, қоғамдық маңызы бар қызметтегі жалпы мәдениетін арттыру;

- білім алушылардың патриоттық сезімін қалыптастыру, ғылыми-техникалық жұмыс саласында өз жетістіктері арқылы мемлекеттің жетістіктеріне қол жеткізуге ұмтылу;

- кіші және орта жастағы білім алушылардың танымдық, шығармашылық, тәжірибелік, зерттеу, қызметінің қызығушылығын қалыптастыру үшін жағдай жасау;

- әлеуметтік және кәсіби өзін-өзі анықтауда дарынды жастарға қолдау көрсету.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау жұмыстары 2017 жылғы **2 наурыздан 11 мамырға** дейін **konkurs_deti17@mail.ru**. электрондық поштаға қабылданады. Байқауға 2017 жылғы **11 мамырдан кейін** түскен және Ережеге сәйкес келмеген байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқау қорытындысы, жеңімпаздар дипломдары мен қатысушылар сертификаттары 2017 жылғы **22 мамырда** **www.ziyatker.org**. сайтына орналастырылады.

6. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды. Ұйымдастырушылар авторды көрсете отырып, жұмысты БАҚ-та жариялауға құқылы.

Анықтама телефондары: 8 (7172) 72-98-99 («**Болашақтың балалары**» байқауы).

7. Байқауға қатысу үшін 1500 (бір мың бес жүз) теңге төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БИН 990140004733

ИИККЗ918560000005068448

БИК КСJBKZKX

КНП 859

Кбе 16

АО БанкЦентрКредит

Төлемақы аталуы: «**Болашақтың балалары**» байқауы.

8. Байқауға қатысу үшін konkurs_deti17@mail.ru электронды поштасына келесі құжаттарды жіберу қажет:

- 1) 1-қосымшаға сәйкес өтінімді;
- 2) сканерден өткізілген төлемақы құжаты (түбіртек немесе төлем тапсырмасы);
- 3) байқауға қатысатын жұмыс;
- 4) тезистер.

3. Қатысушылар және байқауға қойылатын талаптар

9. Ұсынылған жұмыстар байқаудың тақырыбына, мақсатына және міндеттеріне сәйкес болуы керек.

10. Байқауға мектепке дейінгі, жалпы орта және қосымша білім беру мекемелерінің 18 жасқа дейінгі білім алушылары қатыса алады:

бірінші жас санаты: 6 жасқа дейінгі балалар;

екінші жас санаты: 7-10 жас;

үшінші жас санаты: 11-14 жас;

төртінші жас санаты: 15-17 жас.

11. Ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмыстар байқауы келесі номинациялар бойынша қабылданады:

1) Ғылыми физика (оның ішінде астрономия, ғарыш);

2) Жер - біздің ортақ үйіміз (биология, зоология, өсімдіктану, ветеринария, аквариумистика);

3) Кең байтақ жер (география, геология, топонимика, этнография);

4) IT - инновациялар;

5) Мен санаймын (математика, геометрия, алгебра);

6) Ойындардың тарихы мен теориясы (оның ішінде ұлттық ойындар, ойындар коллекциясы, ойындар ойлап табу);

7) Мәдени мұра (оның ішінде қолөнер кәсібі, өнертану);

8) Денсаулық сақтау және салауатты өмір салты;

9) Техникалық шығармашылық (оның ішінде өнертапқыштық, модельдеу);

10) Көркемөнер шығармашылығы (оның ішінде сурет салу, фотография, мүсін).

12. Негізгі шарттары:

1) электрондық түрде орындалған 5 беттен аспайтын жұмыстың мәтіндік сипаттамасы;

2) «Эврика» ғылыми-танымдық клубына жариялау үшін 1 беттен аспайтын жұмыс тезистері.

Байқау жұмысының мәтіндік сипаттамасы электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде А4 форматында, сол жағы - 3 см, оң жағы - 1,5 см, жоғарғы және төменгі - 2 см, мәтіндік редакторы Word (кем дегенде Word 97), Times New Roman №12 қаріп, 1 жоларалық интервалмен ұсынылады.

Байқау жұмысының титул парағын және тезистерді ресімдеу үлгісі 2-қосымшада.

13. Бағалау өлшемдері:

- байқау жұмыстарының мазмұны тақырыпқа және номинацияларына сай орындалуы;

- тақырыптың толықтығы;

- материалдың дәлдігі, айқындылығы және ойлау қисыны;

- жаңашылдығы;

- материалдың қолжетімділігі және дәлдігі;

- жұмысты орындау шығармашылығы;

- жұмыстың сауаттылығы және ұқыптылығы;

- байқау жұмыстарын ресімдеу барысында талаптарға сәкестігі.

14. Шығармашылық жұмыстар үшін талаптар (суреттер,

аппликация, жабыстыру және макет):

1) байқауға өз қолымен орындалған жұмыстың суреттері немесе видео ролик қабылданады;

2) суреттер кезеңмен орындалған жұмысты бейнелеуі керек;

3) суреттің көлемі 4 данадан кем болмауы тиіс;

4) видео ролик 3 минутқа дейін (қабылданған форматтар: WMV, MPEG4, AVI);

5) жұмыстың атауы және сипаттамасы болуы тиіс (орындау техникасын, қолданылған материалдарды және т.б. сипаттамада көрсету керек).

15. Байқаудың бағалау өлшемдері:

- байқауға тақырып пен номинациялар сай орындалуы;

- жұмыстың сапалы және шебер орындалуы;

- идеяның ерекшелігі;
- жұмыстың көркемдік деңгейі;
- автордың жас ерекшелігіне шығармашылық деңгейі сай келуі;
- жұмыстың шығармашылық ойын, тақырыбын толық ашу .

16. Байқауға қатысушы бір немесе бірнеше номинацияларда қатыса алады. Қатысушыдан әр номинацияға бір ғана жұмыс қабылданады. Төлемақы әр номинацияға өздік жұмыс ретінде төленеді.

17. Басқа адамдардың және интернеттен алынған материалдарды пайдалануға қатаң тыйым салынады. Байқау жұмысы бұған дейін интернетте жарияланбаған болуы тиіс.

4. Байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

18. Байқау қорытындысы бойынша әділ қазы мүшелері жеңімпаздарды анықтайды.

19. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі дипломдармен, байқау жеңімпаздарының жетекшілері алғыс хаттарпен марапатталады, орынға ілікпеген қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, олардың жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары **www.ziyatker.org** сайтында мына сілтеме <http://www.ziyatker.org/#!/c10hg> бойынша автоматты түрде жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

Анықтама телефондары: **8(7172) 72 98 99 («Болашақтың балалары» байқауы).**

Диплом, сертификаттардың онлайн нұсқасын жүктеу үлгісі www.ziyatker.org → Республикалық шаралар → «Болашақтың балалары» байқауы → әрі қарай.

1-

қосымша

Байқауға қатысушы туралы мәлімет

Қатысушының аты-жөні	Жасы	Мекен жайы	Білім беру ұйымының аталуы, сыныбы, курсы	Байқаудың аталуы, номинациясы тақырыбы	Байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл. поштасы)	Жетекшісінің толық аты-жөні, жұмыс орны, лауазымы	Жетекшісінің байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл. поштасы)
1	2	3	4	5	6	7	8

2-қосымша

Титул парағын толтыру үлгісі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК

«Болашақтың балалары» ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмыстарының республикалық интернет-байқауы

Номинациясы: ғылыми физика

Тақырыбы: энергияны үнемдеу құралы

Жұмыстың авторы: Муслимова Жадыра Өмірзаққызы

Білім беру ұйымының мекенжайы: Павлодар облысы, Шарбақты ауданы, Шарбақты ауылы
№ 1 мектеп, 9-сынып

Жетекшісі: Петрова Нина Ивановна
2017 жыл

Тезистерді толтыру үлгісі

Энергияны үнемдеу құралы

Муслимова Жадыра Өмірзаққызы

Ғылыми жетекшісі: Петрова Нина Ивановна

Білім ұйымы: Павлодар облысы, Шарбақты ауданы, Шарбақты ауылы, № 1 мектеп, 9-сынып

Тезистер ...